

Қазақстан Республикасындағы рационализаторлық қызмет туралы Үлгі Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 27 қараша 1992 ж. N 996. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Азаматтардың техникалық тапқырлығын жандандыру, өндіріс тиімділігін арттыру мүддесінде рационализаторлардың тапқырлық әлеуетін неғұрлым толық пайдалану, республикада рационализаторлық қызмет үшін қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасындағы рационализаторлық қызмет туралы осыған қосылған Үлгі ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, меншіктің барлық нысандарындағы корпорациялар, концерндер, қауымдастықтар, бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер:

рационализаторлық қызметті дамыту үшін жұмыс жүргізіп, қажетті жағдайлар туғызсын;

1993 жылдың 1-қаңтарына дейін Үлгі ережені ескеріп, Қазақстан Республикасы Өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының бастауыш (жергілікті) ұйымдары кеңестерімен және тиісті кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, рационализаторлармен азаматтық-хұқықтық шарттар жасау үшін негіз болып табылатын өз ережелерін әзірлейтін болсын.

Кәсіпорындарда рационализаторлық қызмет туралы ережелер болмаған жағдайда Үлгі ережені қолдану ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 27 қарашадағы
N 996 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы
рационализаторлық қызмет туралы**

Үлгі Ереже

1. Бұйымның конструкциясын, өндіріс технологиясын, материалдың (заттың) құрамын жасауды немесе өзгертуді көздейтін, ұсынылатын кәсіпорын үшін жаңа әрі пайдалы болып табылатын техникалық шешім, сондай-ақ кәсіпорын (ұйым) үшін еңбек, шикізат, отын-энергетикалық және басқа материалдық, қаржы ресурстарын үнемдейтін жаңа ұйымдық шешім немесе өзге де оң тиімділік рационализаторлық ұсыныс деп танылады.

Кәсіпорын үшін жаңа алгоритмдері, ЭВМ үшін бағдарламасы бар ұсыныс та, егер оны пайдалану нақты міндетті шешуде ЭВМ-нің мәшине уақытын үнемдейтін, сондай-ақ ЭВМ-мен бір кешенде жұмыс жасайтын жабдықтардың өнімділігін арттыратын болса, рационализаторлық деп танылады.

Егер белгіленген нысан бойынша өтінім берілгенге дейін бұл шешім немесе оған теңдес шешім кәсіпорынға (ұйымға) оны жүзеге асыру үшін жеткілікті дәрежеде өзінің қолындағы деректерден мәлім болмаса, ол шешім өтінім берілгенге дейін автордың инициативасы бойынша 3 айдан аспайтын мерзімде пайдаланылғаннан басқа жағдайда, кәсіпорын (ұйым) үшін жаңа деп танылады.

2. Мыналар рационализаторлық ұсыныстар деп танылмайды:
шартты белгілер, ережелер, нормативтік-әдістемелік материалдар;
өнім сапасының мәлім сенімділігін, төзімділігін және басқа көрсеткіштерін кемітетін немесе еңбек жағдайын нашарлататын шешімдер;
ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық, технологиялық бұйымдардың және кәсіпорындардың осыларға ұқсас бөлімшелерінің инженер-техник, ғылыми қызметкерлері қызметтік тапсырмаларды немесе шарттық жұмыстарды орындау барысында жасаған шешімдер.

3. Рационализаторлық ұсыныстың авторлығы хұқына өзінің шығармашылық еңбегімен рационализаторлық ұсынысты жасаған азамат ие болады.

Егер рационализаторлық ұсынысты жасауға бірнеше азамат бірлесіп қатысса, олардың бәрі де мұндай рационализаторлық ұсыныстың тең авторлары деп саналады.

Рационализаторлық ұсыныстың авторына тек техникалық, ұйымдық немесе материалдық көмек көрсеткен, не рационализаторлық ұсыныс жөніндегі хұқын ресімдеуге және оның өндірісте пайдаланылуына жәрдемдескен азаматтар тең авторлар деп танылмайды.

Рационализаторлық ұсыныстың тең авторлары хұқын пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісімдермен анықталады.

4. Рационализаторлық ұсыныстың авторына кәсіпорын (ұйым) белгілеген рационализатор куәлігі беріледі, ол рационализаторлық ұсынысқа авторлықты,

рационализаторлық ұсыныстың басымдығын куәландырады.

Авторға рационализатор куәлігі оның алғашқы ұсынысы рационализаторлық деп танылған күннен бастап бір айлық мерзімде беріледі. Осы автордың келесі рационализаторлық ұсыныстары туралы мәліметтер бұларды рационализаторлық деп таныған күннен бастап бір айлық мерзім ішінде сол куәлікке жазылады.

Автордың хұқы шешімді рационализаторлық ұсыныс деп таныған кәсіпорын (ұйым) шегінде қолданылады.

5. Ұсыныстың рационализаторлық деп танылуы үшін автор кәсіпорын белгілеген нысанда жазбаша түрде қарыз береді.

Рационализаторлық ұсыныс жөніндегі арыз сол ұсыныс қызметіне қатысты кәсіпорынға (ұйымға) беріледі.

Автор бір рационализаторлық ұсыныстың өзін бірнеше кәсіпорынға (ұйымға) беруге хұқылы.

Рационализаторлық ұсыныс жөніндегі арыз бір шешімге ғана қатысты болуға тиіс.

Рационализаторлық ұсыныс жөніндегі арызда шешімнің мәнісі, оның ішінде оны жүзеге асыру үшін жеткілікті деректер сипатталуға тиіс.

6. Рационализаторлық ұсыныстың басымдылығы рационализаторлық ұсыныс жөніндегі арыздың кәсіпорынға келіп түскен айы мен күніне қарай анықталады.

Басымдық белгіленген тәртіппен осы ұсыныс жөнінде бірінші болып арыз берген авторға танылады.

7. Рационализаторлық ұсыныс жөніндегі арызды қарау, сондай-ақ сол бойынша шешім қабылдау тәртібін кәсіпорын (ұйым) басшысы белгілейді.

Рационализаторлық ұсыныс жөніндегі арыз бір айлық мерзімде қарауға және қаралған соң 5 күннің ішінде қабылданған шешім туралы авторға хабарлануға тиіс.

Ұсынысқа тәжірибелік тексеріс жүргізу немесе тиісті ұйымнан бекітілген нормативтік, техникалық немесе конструкциялық құжаттамаға өзгеріс жасауға рұқсат алу қажет болған жағдайда оны қарау тәжірибелік тексеріс жүргізуге немесе рұқсат алуға қажетті уақыт бойына тоқтатыла тұрады.

Ұсынысты рационализаторлық емес деп тану туралы шешімде бастарту себептері көрсетілуге тиіс.

8. Рационализаторлар мен кәсіпорын (ұйым) басшылығының сол кәсіпорында (ұйымда), сондай-ақ басқа кәсіпорындарға (ұйымдарға) техникалық құжаттама құрамында шаруашылық есеп негізінде берілген рационализаторлық ұсыныстарды пайдалану, еңбекақы және авторлық сыйақы төлеу мәселелері жөніндегі өзара қарым-қатынасы азаматтық-хұқылық шарттармен анықталады.

Авторлық сыйақының ең аз мөлшерін сол кәсіпорындағы (ұйымдағы) орташа айлық ақының 25 процентіне дейін белгілеу ұсынылады.

